

**ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА**
**SCIENTIFIC ARTICLE DEDICATED TO THE 30TH ANNIVERSARY
OF INDEPENDENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**
**НАУЧНАЯ СТАТЬЯ, ПОСВЯЩЕННАЯ
30-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РК**

FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.01>

Б.Б. Кәрібаев 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: bereket.bk64@gmail.com

**ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ОТАНДЫҚ
ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Автор бұл мақаласында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялаған кезден бүгінгі күндерге дейінгі аралықтағы Отандық тарих ғылымының дамуы мәселелерін қарастырады. Ол егемендіктің отыз жылдығын шартты түрде үш кезеңге бөліп, әр кезеңдегі тарих ғылымының мәселелерін жеке-жеке талдайды. Алғашқы онжылдықтағы Отандық тарих ғылымының даму барысын көрсететін мынадай жағдайларды атап өтеді. Олар: таптық принципке негізделген маркстік-лениндік методологияның орнына таптық емес, жаңа ұстанымдарға негізделген өркениеттік көзқарастың орнығуы, «ақтаңдақтарды» ашып көрсету, отан тарихының өзекті мәселелерін жаңа ұстанымдар бойынша зерттеулер және олардың алғашқы нәтижелері, тұлғатану бағытының қалыптаса бастауы және тағы басқа бағыттар болды.

Отандық тарихтың дамуының екінші онжылдығында алғашқы онжылдықтағы бағыттар одан әрі әрі кеңейіп, әрі тереңдеп жалғасын табады. 2004-2011 жылдары елімізде жүзеге асырылған кешенді мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы еліміздегі тарих ғылымының дамуына өз ықпалын тигізеді. Ал, үшінші онжылдықта мемлекеттің арнайы «Рухани жаңғыру» және т.б. бағдарламалары тарих ғылымының құлашын кең жаюға жол ашқаны айтылады.

Автор солардың қатарына Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу мен Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту шараларын жатқызып, осы бағыттардағы зерттеу жұмыстарының қорытындыларына тоқталады.

Түйін сөздер: Тәуелсіздік, «ақтаңдақтар», отандық тарих ғылымы, өркениеттік ұстаным, мемлекеттік бағдарламалар.

B.B. Karibaev

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan. Almaty,
e-mail: bereket.bk64@gmail.com

**Problems of development of domestic historical science
in the period of independence**

In this article, the author examines the problems of the development of domestic historical science from the proclamation of the independence of the Republic of Kazakhstan to the present day. He conditionally divides the thirtieth anniversary of independence into three stages and analyzes the problems of domestic historical science at each stage separately. He notes the following facts reflecting the development of domestic historical science in the first decade. These are: the establishment of a civilized approach based on new principles, not on class ones, instead of the Marxist-Leninist methodology based on class principles,

the disclosure of “white spots”, research on topical issues of domestic history based on new principles and their first results, the beginning of the formation of the direction of personalistic and other directions.

In the second decade of the development of domestic history, the directions of the first decade continue to expand and deepen. The comprehensive state program “Cultural Heritage”, implemented in the country in 2004-2011, contributed to the development of historical science in the country. And in the third decade, special state programs “Spiritual Revival”, etc. opened the way for the further dissemination of historical science.

The author also includes in this series the celebration of the 550th anniversary of the Kazakh Khanate and the 750th anniversary of the Golden Horde, and dwells on the results of research in these areas.

Key words: Independence, “white spots”, domestic historical science, civilizational principle, state programs.

Б.Б. Карибаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: bereket.bk64@gmail.com

Проблемы развития отечественной исторической науки в период независимости

В данной статье автор рассматривает проблемы развития отечественной исторической науки от провозглашения независимости Республики Казахстан до наших дней. Он условно делит тридцатилетие независимости на три этапа и анализирует проблемы исторической науки на каждом этапе отдельно. Он отмечает следующие факты, отражающие развитие отечественной исторической науки в первое десятилетие. Это: установление цивилизованного подхода, основанного на новых принципах, а не на классовых, вместо марксистско-ленинской методологии, основанной на классовых принципах, раскрытие «белых пятен», исследования по актуальным вопросам отечественной истории на новых принципах и их первых результатах, начало формирования направления персоналистики и других направлений.

Во втором десятилетии развития отечественной истории направления первого десятилетия продолжают расширяться и углубляться. Комплексная государственная программа «Культурное наследие», реализуемая в стране в 2004-2011 годах, способствовала развитию исторической науки в стране. А в третьем десятилетии специальные государственные программы «Духовное возрождение» и т.д. открыли путь для дальнейшего распространения исторической науки.

Также автор включает в этот ряд празднование 550-летия Казахского ханства и 750-летия Золотой Орды, и останавливается на результатах исследований в этих областях.

Ключевые слова: Независимость, «белые пятна», отечественная историческая наука, цивилизационный принцип, государственные программы.

Кіріспе

1991 жылы 16 желтоқсанда Алматы қаласында 12 шақырылған Қазақ КСР Жоғары Кеңесі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Ол маңызды құжаттың алғашқы сөйлемі былай басталады: «Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, Адам құқыларының жалпыға бірдей Декларациясында, халықаралық құқтың жалпы жұрт таныған өзге де нормаларында баянды етілген жеке адамның құқылары мен бостандықтарының үстемдігін мойындай отырып, ...Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялайды» (Бейсенбина Ф.Т., 1992: 6). Бұл құжат – еліміз бен халқымыздың болашақ дамуын, ертеңгі тағдырын анықтаған аса маңызды, тарихи құжат болып саналды. Осы құжаттың қабылданған күні

елімізде жыл сайын ең басты мемлекеттік мейрам – Тәуелсіздік күні ретінде аталынып келеді. Биыл, яғни 2021 жылдың желтоқсан айының 16-нда Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толады.

Бұл тарихи дата – жай мерекелік дата ғана емес, сонымен бірге ел тарихындағы жаңа белесті кезеңге жол ашқан дата болып саналады. Еліміздің қазіргі заман тарихындағы Тәуелсіздік атты тарихи кезең осы датамен басталатыны белгілі. Қаза Елі тәуелсіздік жылдары танымастай өзгерді. Қазақстан Республикасы ғасырдың үштен біріндей уақыт ішінде саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамудың көрсеткіштері бойынша әлемге танылды және оны халықаралық қауымдастық таныды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел тәуелсіздігінің отыз жылдық мерекесіне байланысты 2021 жылдың қаңтар айында «Егемен Қазақстан» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақала жариялады. Онда ол:

«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», – (Тоқаев Қ.Ж., 2021: 1) деп тебірене жазған еді. Мемлекет басшысының «Қайта жаңғырған қазақ мемлекеті» деп жазғаны қазақ халқының ежелгі және орта ғасырларда өз мемлекеті болып, тарихтың бір кезеңінде оны жоғалтып алғанын, ал осыдан отыз жыл бұрын оны қайта құрып, жаңғыртқанын меңзеп отыр. Сондай-ақ «ата-бабаларымыз аңсаған азаттық» дегені тәуелсіздік үшін күрестердің ел аумағында бір ғасырдай уақыт бойы толастамағанын білдіреді. Одан әрі мемлекет басшысы отыз жылдық тәуелсіздік дәуірін шартты түрде үш онжылдық кезеңге бөліп, әр онжылдыққа қысқаша тоқталып, сипаттамалар береді. Алғашқы онжылдыққа – «Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі», екінші онжылдыққа – «Қазақ елінің керегесін кеңейту», ал үшінші онжылдыққа – «шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналған», – кезең деп сипаттамалар береді.

Отыз жыл ішіндегі Қазақ Елінің қай салада болмасын жеткен жетістіктері орасан зор. Социалистік қатынастарға негізделген жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға негізделген нарықтық экономикаға көшу дегеніміз дүниежүзілік тарихта бір формациядан екінші бір формацияға көшуді білдіреді. Оның қаншама уақытқа созылатынын тарихтан белгілі. Ал біздің ел оны аздаған уақытта өтіп шықты. Қазір ел санасында нарықтық сана орнығып та болды. Экономикамен қатар қоғамдық өмірдің барлық саласы да аздағандай уақыт ішінде нарықтық қатынастарға бейімделді деуге болады.

Материалдар мен әдістер

Еліміздің қазіргі замандағы саяси тарихының соңғы 30 жылын тәуелсіздік кезеңі деп атау секілді отандық тарих ғылымының дамуын да тәуелсіздік жылдарындағы немесе тәуелсіздік кезеңіндегі отандық тарих ғылымы деп атау қалыптасқан. Біз бұл мақаламызда отандық тарих ғылымының тәуелсіздік жылдарындағы дамуы мен проблемалары жөнінде, нақты жетістіктері туралы, даму бағыттары туралы ойларымызды ортаға салмақшымыз. Соңғы отыз жылдай уақыт ішінде тарихшыларымыз Қазақстан тарихының барлық кезеңдеріне, оның жекелеген проблемаларына қатысты ғылыми мақалалар мен монографиялық зерттеу еңбектерін жариялады. Олардың қатарына та-

рихшылар: М.Қ.Қозыбаев (Қозыбаев М., 2009: 272), К.Нұрпейісов (Нұрпейісов К., 1995: 368), М.Қ.Қойгелдиев, Т.Омарбеков (Қойгелдиев М., Омарбеков Т., 1993: 208), М.Ж.Әбдіров (Абдіров М., 1994: 160), Ж.Б.Әбілхожин (Абылхожин Ж.Б., 1991: 240), С.Е.Әжіғали (Ажигалиев С.И., 1994), М.Елеуов (Елеуов М., 1994: 448), Ә.Т.Төлеубаев (Төлеубаев А.Т., 1991: 214), Н.Е.Масанов (Масанов Н.Ә., 1995:220) және тағы басқа тарихшыларымыздың монографиялары жатады. Көлемі жағынан аздау бұл мақаламызда біз олардың бәрін келтіріп жатпай, тек отандық тарих ғылымының даму бағыттарын анықтауға негіз болатын жекелеген монографияларды пайдаландық.

Сонымен бірге кеңестік тарихнамада үстем болған ұстаным мен қазіргі кезеңдегі гуманитарлық ғылымда берік орныққан ұстанымдарды салыстыра қарастырдық. Олардың бір-бірінен айырмашылықтарын көрсете отыра, жаңа ұстанымның, яғни өркениеттілік ұстанымның объектіні зерттеудегі, оны тану-білу барысындағы артықшылықтарын көрсеттік. Қоғамдық ғылымдардағы, оның ішінде тарих ғылымында қолданылатын әдіс-тәсілдердің бәрін қолдана отыра, әсіресе салыстыру әдісі кеңінен қолданылды. Салыстыру әдісі арқылы кеңестік кезеңдегі тарих ғылымының жетістіктері мен қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі жетістіктердің арасалмағын нақты мысалдар арқылы көрсетілді.

Нәтижелер мен талдаулар

«Тарихты халық жасайды, ғалым жазады», «Тарихты жасаудан оны жазу қиын» деген қағидалардың растығына отандық тарихтың өзекті бір мәселелерін қолға алғанда бірден көз жеткізуге болады. Кеңестік кезеңде отан тарихының мәселелері зерттеліп, том-том академиялық басылымдардың, жеке арнайы зерттеулердің жарыққа шыққаны белгілі. Олардың бәрі белгілі бір теориялық-методология тұрғысынан жазылып отырылды. Ол – маркстік-лениндік методология болатын. Жетпіс жылдай осы методологияға сүйенген қоғамтанушы мамандар үшін тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары одан бірден арыла қою қандай қиындықтар туғызса, ескінің орнына келген жаңа өркениеттік ұстанымды қабылдай қою да сондай қиындықтар туғызғанын бәріміз білеміз. Соған қарамастан жаңа ұстанымның Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары толық жеңіске жетуі отандық тарих ғылымындағы ең үлкен жетістік деуге болады. Екі ұстаным арасын-

да қандай басты айырмашылық бар десеңіз, ол мынада. Бұрынғы методология таптық принципке негізделіп, халықтың бір бөлігінің тарихы қарастырылды. Соның нәтижесінде қазақ халқының небір асылдары – хандар мен сұлтандарға, билер мен батырларға, ақындар мен шайырларға, дін қайраткерлеріне, XX ғасыр басындағы ұлт қайраткерлеріне отандық тарихтан орын берілмеді. Олардың тарихи рөлдерін көрсетпек түгілі, есімдерін атауға тиым салынды. Ал есімдері аталған күнде олардың тарихи рөлі таптық көзқарастар тұрғысынан бағаланып, халыққа жат тұлға деп түсіндірілді. Соның нәтижесінде кеңестік кезеңде өсіп өнген қазақ халқының бірнеше буын өкілдері қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын тарихи тұлғаларымыздың есімдерін білмей, шығармаларымен сусындамай өсіп, қалыптасты. Осындайда, «Өз тарихыңды білмесең, өзгенің тарихына қызығасың» деген қағида еске түседі.

Тәуелсіздіктің бірден келмейтіні секілді, қоғамтанушы ғалымдар да бірден үстем идеологиядан арыла қойған жоқ. Кеңестік биліктің соңғы жылдары Кеңес Одағында қоғамтанушы ғалымдар арасында да тарих мәселесіне байланысты айтыс-тартыстар жүрді. Мұндай тартыстар елімізде де жүріп, өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында үстем боп келген идеология өз позициясын бірте-бірте жоғалта бастады. Оның нақты бір көрінісіне кеңестік кезеңде есімдерін атауға тыйым салынған алаш қайраткерлерінің алғашқы тобының ақталып, олардың өз халқымен қайта қауышуы жатады. Мұның өзі бір жағынан, бұрынғы үстем идеологияның ірі жеңілісі болып саналса, екінші жағынан жаңа, таптық емес ұстанымның орныға бастағанын көрсетеді. 1991 жылы Кеңестер Одағының тарих көшінде қалып, оның орнында Қазақстан Республикасы секілді тәуелсіз елдердің құрылуы маркстік-лениндік методологияны да құрдымға жіберді.

Сөйтіп, тәуелсіздіктің келуімен қоғамтанушы ғалымдар жаңа методология негіздерін іздестіріп, оны қолдана бастайды. Ол – өркениеттік ұстанымдар болатын. Өркениет ұғымы философияға, мәдениеттанушыларға жақын болып көрінгенімен оның түбінде адам, азамат деген ұғымдар тұрды. Ал ол ұғым халық, ұлт ұғымдарымен байланысты тұрғандықтан, өркениеттік ұстаным, көзқарас дегеніміз таптық ұстанымға қарсы халықтық, ұлттық ұстаным, көзқарас дегенді білдіреді. Екі көзқарас арасындағы айырмашылықты мынадай мақалмен салыстырып түсіндіруге болады. «Құдық

түбіндегі бақаға аспан табақтай боп көрінеді» дегендей, таптық көзқарас халықтың, ұлттың тарихын толық қамтып қарастыруға мүмкіндік бермейді.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылдың қаңтар айында ел тәуелсіздігінің отыз жылдық мерекесіне арналған «Егемен Қазақстан» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақала жариялады (Тоқаев Қ.Ж., 2021:1). Онда ол: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», – деп тебірене жазған еді. Мемлекет басшысының «Қайта жаңғырған қазақ мемлекеті» деп жазғаны қазақ халқының ежелгі және орта ғасырларда өз мемлекеті болып, тарихтың бір кезеңінде оны жоғалтып алғанын, ал осыдан отыз жыл бұрын оны қайта құрып, жаңғыртқанын меңзеп отыр. Сондай-ақ «ата-бабаларымыз аңсаған азаттық» дегені тәуелсіздік үшін күрестердің ел аумағында бір ғасырдай уақыт бойы толастамағынын білдіреді. Одан әрі мемлекет басшысы отыз жылдық тәуелсіздік дәуірін шартты түрде үш онжылдық кезеңге бөліп, әр онжылдыққа қысқаша тоқталып, сипаттамалар береді. Алғашқы онжылдыққа – «Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі», екінші онжылдыққа – «Қазақ елінің керегесін кеңейту», ал үшінші онжылдыққа – «шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналған», – кезең деп сипаттамалар береді (Тоқаев Қ.Ж., 2021:1).

Біз де тәуелсіздік жылдарындағы отандық тарих ғылымының даму барысына қарай отырып, шартты түрде оны егеменде еліміздің отыз жылы ішіндегі әр онжылдықпен байланыстыра қарастырамыз да, тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығындағы тарих ғылымының дамуы барысында мынадай ерекшеліктерді байқаймыз. Төменде соларға тоқталайық.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қоғамдық ғылымдар саласында, оның ішінде тарих ғылымында жаңа ұстанымға негізделген өркениеттік көзқарастардың жеңіске жетіп, берік орнығуына еліміздегі алдыңғы қатарлы тарихшылар белсене кіріседі. Сол тұстағы еліміздегі тарих, археология және этнология институтының директоры, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі М.Қ.Қозыбаевтың орталық мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдарда жарияланған мақалалары мен жарияланған сұхбаттарында, теле-радиолардан сөйлеген сөздерінде, әртүрлі деңгейдегі конференцияларда жасаған баяндамаларында бұрынғы ұстанымнан бас тар-

ту және жаңа ұстанымның орныға бастағанын байқаймыз (Қозыбаев М., 2009: 448). Осы жерде ғалымның «Түбін білмеген түгін білмейді» деген мақаласынан үзінді келтірелік. «... Ең алдымен тәуелсіздік алған күннен бастап, біздің тарихтың статусы өзгерді. Егер бұрын Қазақстан тарихы Кеңес елінің, Кеңестік Ресей тарихының құрамдас бөлігі болса, енді ол тәуелсіз егеменді елдің Отандық тарихына айналды. Дж. Неру жаулап алушы ел жаулап алған елдің тарихын жазатын дәстүрін айтқаны мәлім. Шын мәнінде қазақ елінің тарихын Ресей тарихшылары жазды. Қазақ тарихшылары өз елінің Кеңес заманынан атсалысып, білек сыбанып кіріскен тұста Х.Досмұхамедов, С.Аспандияров, М.Тынышпаев, Е.Бекмахановтарды ұлтшылдар қатарына жатқызғаны белгілі. Қазақстан тарихының концепциясы, негізгі пайымдары Одақ көлемінде империялық бағытта жазылды. Жергілікті тарихшылардың еншісіне Одақтық тарихи концепцияларды тек иллюстрациялау тиді» (Қозыбаев М., 2009: 369-370). Одан әрі академик М.Қозыбаев ғылыми жұмыстар үшін жаңа методологияның қажет екендігін айта келе, бұрын «Патшалық Ресейде олар мемлекеттік, империялық үшпаған, үш тірекке сүйенді. Бұл бөлінбес біртұтас Ресей, Ақ патшаның билігі, христиан діні еді. Кеңес заманында бұл тіректер біртұтас Одақ, жұмысшы табының диктатурасы, маркстік-лениндік идеологиямен ауыстырылды. Әлемдік кәсіби тарихшылар ғылыми объективтік, диалектикалық принциптерді ұстанды... Негізінен әлемдік құндылыққа (мәтінде қымбаттылыққа – деп жазылған) сәйкес келетін бұл принциптер таптық принциптердің құрбаны болды... Міне, сондықтан біз үшін ең алдымен методологиялық принциптерді айқындап, әлемдік тарихшылар игерген түбегейлі құндылықтарды (мәтінде қымбаттылықтарды – деп жазылған) игеру міндеті тұр», – деп жазды (Қозыбаев М., 2009: 370).

Осылайша, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында Отандық тарих ғылымында таптық принциптен бас тартудың басталғанын көреміз. Дегенменде, бұл үдеріс бірден қарқынды жүріп, жаңа ұстанымдар бірден орныға қойған жоқ. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары тарихшыларымыз диалектиканың «терістеуді терістеу» атты заңына сәйкес кеңестік кезеңдегі жасалған тұжырымдарға жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, оларды сынға алып, тарихымыздағы «ақтаңдақтарды» ақтарып, ақиқатын аша бастады. Соның нәтижесінде 1992-1994 жылдары, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары көлемі жағынан кішірек болса да,

салмағы мен маңызы жағынан ауыр, әрі құнды еңбектер жарық көре бастады. М.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» (Қозыбаев М., 1992: 272), М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың бірлесе жазған «Тарих тағылымы не дейді?» (Қойгелдиев М., Омарбеков Т., 1993: 208), М.Қозыбаевтың «Жауды шаптым ту байлап» (Қозыбаев М., 1994: 192) атты еңбектері шығып, сол тұстағы тәуелсіз елдің жаңа сұраныстарына жауап бере бастайды. Негізінен бұл көрсетілген еңбектерде тарихшылар тәуелсіздік кезеңіне дейін отандық тарихтың зерттелмеген немесе аз зерттелген, сондай-ақ бұрынғы ұстаным бойынша бұрмаланған мәселелерін қарастырады.

Осылайша, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары қоғамтану саласындағы негізгі теориялық – методологиялық мәселе бойынша түбегейлі бетбұрыс орын алады да, тарихшыларымыз өз зерттеулерінде жаңа ұстанымға сүйеніп, тарихымызды жаңаша тұрғыда, бүкіл әлемде орныққан ұстанымдарға сай зерттеуге белсене кіріседі.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы онжылдығында жаңа методологияны ту етіп ұстаған тарихшылар Отан тарихының ең өзекті мәселелерін зерттеуді қолға алып, бірнеше жүз ғылыми мақалалар жазды, диссертациялар қорғады, монографиялар жариялады. Осы жылдары ең көп қарастырылған мәселелерге – ХХ ғасыр басындағы еліміздегі қоғамдық – саяси қозғалыстар мен 1920-1930 жылдардағы Қазақстан тарихының саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелері жатады. Сондай-ақ 1937-1939 жж. жаппай саяси репрессия мен оның құрбандары, 30-шы жж. басындағы елдегі аштық пен өлім, ұжымдастыруға қарсы көтерілістер мен бас көтерулер, Голощекиннің «кіші Октябрь» саясаты, Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы, алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметтеріне және тағы басқа осы кезеңнің мәселелеріне арналған тақырыптар жатты (Қозыбаев М., 1992:192, Омарбеков Т., 1994: 272, Нұрпейісов К., 1995: 205, Қойгелдиев М., 1995: 368, Омарбеков Т., 1997: 320). Осы жылдары орыс тілінде тарихшы-мамандар Ж.Әбілхожиннің, М.Ж.Әбдіровтың монографиялық еңбектері жарыққа шығады (Абылхожин Ж.Б., 1991: 240, Абдиров М., 1994: 160, Абдиров М., 1996: 176). Аталған еңбектерінде авторлар дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымы мен оның кеңестік саясат нәтижесінде өзгеріске ұшырауының теориялық мәселелерін, Қазақстан аумағын отарлауда казак әскерлерінің, сондай-ақ Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістерді басып – жаншуда казак әскерлерінің рөлін нақты материалдар бойынша дәлелдеп береді.

Біз қарастырып отырған кезеңде отан тарихының дамуында ортағасырлық тарихымыздың деректік негіздерінің қазақ тіліне аударыла бастауы жатады. Әбілғазының «Түрік шежіресі» (Әбілғазы., 1991: 208), Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» (Сыздықова Р., Қойгелдиев М., 1991: 272), Захир ад-дин Бабырдың «Бабыр-нама» (Бабыр Захир ад-дин Мұхаммад., 1993: 448) еңбектерінің қазақ тіліне аударылып, жарыққа шығуы Қазақстан тарихының ортағасырлық кезеңіндегі мәселелерін зерттеуге жол ашады. Сондай-ақ ХХ ғасыр басындағы алаш қайраткерлерінің қазақ тарихы туралы жазған тарихи мұраларының жинақталып, қайта басылуы отан тарихының дамуының бір көрінісі болды (Құдайбердіұлы Ш., 1991: 81, Досмұхамедұлы Х., 1991: 176, Тынышпаев М., 1993: 224).

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында Отан тарихының ежелгі және ортағасырлардағы мәселелеріне арналған тың зерттеулер жарық көріп, тарихымыздың көкжиегін одан әрі кеңейте түсті. С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтановтың (Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., 1992: 382), А.Ш.Қадырбаевтың (Қадырбаев А.Ш., 1993: 168) еңбектері біздің ойымызға дәлел бола алады. Осы жолдардың авторы да тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында ортағасырлық Қазақстан тарихындағы хандық дәуір кезеңі бойынша кандидаттық диссертация қорғап, оның бір бөлімін 1999 жылы «Ғылым» баспасынан «Түркістан және Қазақ хандығы» атты кітапша түрінде шығарды (Кәрібай Б., 1999: 64). Осы кезеңде отандық тарихымыздағы тың бағыттың бірі – тұлғатану бағыты қалыптаса бастайды. Ж.Қасымбаев (Қасымбаев Ж.К., 1999: 228), И.Ерофеева (Ерофеева И., 1999: 336) және т.б. зерттеушілеріміз тарихи тұлғаларға арнап жеке монографияларын шығарады. Бұл отандық тарих ғылымындағы жаңа бағыт тәуелсіздіктің екінші онжылдық кезеңінде одан әрі жалғасын табады.

Отандық тарих ғылымының маңызды салалары – археология мен этнология салаларындағы мамандар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы туындаған экономикалық қиындықтарға қарамастан өз зерттеулерін жалғастырды. Ә.Т. Төлеубаев (Төлеубаев А.Т., 1991: 214) Н.Е. Масанов (Масанов Н.Э., 1995: 320), С.Е. Әжіғали (Ажигалиев С.И., 1994), К.М. Байпақов (Байпақов К., 1998: 216), Ж.Қ. Таймағамбетов (Таймағамбетов Ж.К., 1996), М.Е. Елеуов (Елеуов М., 1998: 210) және т.б. мамандар осы кезеңде өз ғылыми-зерттеулерінің қорытындыларын жариялады.

Осы кезеңдегі отандық тарих ғылымының даму бағытын көрсететін келесі бір факторға көне заманнан бүгінге дейінгі көп томдық академиялық Қазақстан тарихының томдарын Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Ә.Марғұлан атындағы Археология институты мамандарының қолға алып, жаңа талаптар және қоғамдағы сұраныстарға сай шығара бастауы жатты. Алдыменен 1994 жылы «Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін» (Очерктер) деген атаумен ұжымдық еңбек жарық көрді (Қазақстан тарихы., 1996: 544). Еңбектің алғысөзінде бұл еңбек туралы «...Қазақстан Республикасының шын мәнінде мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейінгі оқырмандар назарына ұсынып отырған – алғашқы қорытынды еңбек. Авторлар ұжымы республика тарихындағы белгілі және бұрын жасырылып келген фактілерді жаңаша пайымдап көрсетуге, ...қазақ мәдениеті мен ғылымының тоталитарлық режим көзін құртқан көрнекті қайраткерлерінің аттарын қайтарып беруге талаптанды», – деп жазылды (Қазақстан тарихы., 1994:33). Ал 1994 жылы академиялық басылымның алғашқы томы жарық көрді (ҚР Актілер жинағы., 2004: 160). Өкінішке орай, бұл басылымның келесі томдары әртүрлі себептерге байланысты тәуелсіздігіміздің екінші онжылдығы ішінде (2002 жылы – 3 том, 2010 жылы – 2 том) жарық көрді. Ел тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығының басында-ақ қолға алынған бұл академиялық көп томдықтың мақсаты отан тарихындағы «ақтаңдақтарды» ашып көрсету еді.

Тәуелсіздігіздің алғашқы жылдары саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелер өте күрделі, шиеленісті болса да, мемлекетіміз отандық тарихтың рөлі мен маңызын түсіне келе, 1993 жылы алғаш рет ел үкіметі тарихи мәселеге қатысты арнайы Орбұлақ шайқасының 350 жылдығын атап өту туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулы 1643/1644 жылғы қыс айларында аз санды қазақ әскерінің өзінен бірнеше ондаған есе көп жоңғарларды жеңіліске ұшыратқанын мерекелеумен қатар, тарихшыларымызға ортағасырлардағы қазақ халқының тарихы мен тарихи тұлғаларын кең түрде зерттеуге серпін берді. Осы кезден бастап қаншама хандар мен сұлтандардың, батырларымыздың, билеріміздің және тағы басқа тарихи тұлғаларымыздың қазақ елінің азаттығы мен бостандығы жолындағы атқарған рөлі мен алатын орны айқындала бастады. Қазақ елі өзінің тарихи тұлғаларын танып біле бастады және олардың есімдерін халық жадында мәңгі қалдыру мақсатында олардың

есімдерімен аудандар, қалалар, көшелер аталынып, оларға ескерткіштер қойыла бастады. Алғашқы онжылдықта басталған бұл үдеріс әлі күнге дейін жалғасып жатыр.

Ал 1998 жылды ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан халқының бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жариялауы елдегі жоғары биліктің ұлт тарихына деген ерекше ұстанымы мен көзқарасын көрсетті. Сондай -ақ «ұлттық тарих жылында» тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық тарихты зерттеуде қол жеткізген нәтижелерді қорытындылау және болашақта отан тарихының мәселелері мен даму бағыттарын айқындау деуге болады.

Осылайша, тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында отандық тарихшы -мамандардың отан тарихының өзекті мәселелеріне қатысты зерттеу жұмыстары барысында алынған ғылыми нәтижелері мен олардың ұлттық сананы нығайтуға, байытуға тигізген әсерлері мен ықпалдары өте зор болды.

Сөйтіп, қарастырып отырған кезең ішінде отандық тарих ғылымының дамуын мынадай бағыттардан көруге болады: 1) ғылыми зерттеулерде кеңестік кезеңдегі таптық ұстаным негіз болған маркстік – лениндік методологиядан бас тартып, ұлттық ұстанымға негізделген өркениеттік көзқарастарға ауыса бастау; 2) тарих ғылымында айтуға тыйым салынған немесе бұрмаланған мәселелердегі «ақтаңдақтарды» ашу; 3) ең өзекті мәселелер бойынша жаңа ұстанымдар негізінде алғашқы зерттеулер нәтижелері; 4) отандық тарих ғылымындағы тұлғатану бағыты бойынша алғашқы зерттеулер; 5) ортағасырлық Қазақстан тарихы деректерінің қазақ тіліне аударыла бастауы; 6) кеңестік кезеңде есімдеріне тыйым салынған тұлғалар еңбектерінің қайта басылып шығуы; 7) «ақтаңдақтарға» арналып, академиялық басылымды шығарудың қолға алынып, алғашқы томының жарық көруі; 8) мемлекеттік биліктің отандық тарих ғылымындағы маңызды мәселелерге қолдау көрсету саясаты.

Тәуелсіздігіміздің екінші онжылдығында, яғни «Қазақ елінің керегесін кеңейту» кезеңінде Отандық тарих ғылымы да өзінің зерттеу объектілерінің көкжиегі мен бағыттарын кеңейтіп, терең ізденістерге жол аша бастады. Екінші онжылдықта тарихшыларымыздың жекелеген зерттеулеріне біз бұл жерде тоқталып жатпаймыз. Алғашқы кезеңдегі тарихшыларымыз және олардың шәкірттері бұл кезеңде өз ізденістерін жалғастырып, нәтижелерін жеке монографиялар түрінде шығарып жатты. Олардың саны алғашқы кезеңдегіден ондаған есе көп. Олардың бәрін кішігірім мақалада көрсету мүмкін емес.

Екінші онжылдықтағы тарих ғылымының дамуына мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының қосқан үлесі зор. 2004 – 2011 жылдары жүргізілген «Мәдени мұра» бағдарламасы – ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бастама-сымен қолға алынған мемлекеттік бағдарлама болды. «Бағдарламаның мақсаты – елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланы-ын қамтамасыз ету» болып табылды (Назарбаев Н., 1999: 296). «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру мынадай бағыттардан тұрды: 1) ұлттық тарихтың маңызды тарихи-мәдени, археология және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; 2) қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеудің тұтастай жүйесін құру; 3) ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының дестелерін әзірлеу болып табылады (Назарбаев Н., 1999: 15).

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға еліміздің жетекші тарихшы мамандарының барлығы белсене атсалысты десек артық айтқандық емес. 2011 жылға дейін созылған және өз ішінде бірнеше кезеңдерден тұрған «Мәдени мұра» бағдарламасының нәтижесінде тарихшыларымыз керемет ғылыми – ізденушілік жұмыстарды жүзеге асырды. Сондай -ақ осы жылдары ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізге қатысты 78 ескерткішке реставрациялық жұмыстар жүргізіледі. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедици-ялар жасалып, нәтижесінде 5 мыңнан астам ұлттық тарихқа, Қазақстан өнеріне қатысты құнды архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды. Сонымен бірге 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық қазба – зерттеу жұмыстары жүргізілген екен (Кәрібаев Б., 2015: 520).

Ал енді тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығы – «шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналған» кезең болса, Ұлттық тарих ғылымы да осы кезеңде еліміздегі қоғамдық ой-сана мен пікірді анықтайтын қуатты күшке айналды. Мемлекеттің кешенді «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік ел» идеясы, «Рухани жаңғыру» атты мемлекеттік бағдарламалары біріншіден, тарихшыларымызды мемлекеттік идеология мен рухани бағыттағы саясатты жүзеге асыруға жұмылдырып, олардың ғылыми ізденістеріне тың серпіндер берсе, екінші жағынан тарихшыларымыздың ұлт тарихын зерттеудегі ғылыми жұмыстарына

қолдау көрсетуге бағытталды. Осы аралықтағы «Ұлы Даланың жеті қыры» атты Елбасымыздың бағдарламалық мақаласы Отандық тарихтың ежелгі және орта ғасырлардағы мәселелері бойынша тарихшыларымызға қандай бағыттарда зерттеулер жүргізу және қандай мәселелерге ерекше назар аудару қажеттігін көрсетіп берді.

Кезінде Елбасы Н.Назарбаев 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты тарихи – философиялық еңбегінде «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн», – деп жазған болатын (Назарбаев Н., 1999: 273). Бұл еңбекте Ұлы Даладағы руханият бастаулары мен халқымыздың этногенезінің, жеріміздегі мемлекеттілік тарихының қазіргі жыл санаудан бірнеше мың жылдар бұрын басталғандығы айтылып, бүгінгі күндерге дейінгі тарихымыздың мәселелері жалпыфилософиялық тұрғыда қарастырылады. Бұл еңбектегі сегіз тараудың әрқайсысындағы айтылған ойлар мен жасалған тұжырымдар тарихшыларымыздың болашақ ізденістері үшін методологиялық негіз бола алады.

«Шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналған» үшінші он жылдықта мемлекеттіміздің ұлт тарихына ерекше назар аударғаны сондай, тарихымыздағы көп мәселенің бірі – Қазақ хандығының құрылған датасын, яғни 550 жылдығын атап өтуге көп көңіл аударды. Арнайы үкімет қаулысы шығып, үкіметаралық комиссия құрылды, жасалған жұмыс жоспарына сай елімізде 2015 жылы мемлекеттілік мерекесі болды деуге болады. Осы мерекенің ғылыми жағын атап өтуде тарихшыларымыздың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Біз де осы мерекені атап өтуге белсене атсалысқанымызды қуанышпен еске аламыз.

Қазақ хандығының тарихына қатысты зерттеулерінің нәтижелерін бірнеше монография етіп жарыққа шығардық (Кәрібаев Б., 2015: 176), (Кәрібаев Б., 2019: 228). Одан басқа өзге де авторлардың қазақ, орыс тілдерінде Қазақ хандығының тарихына арналған он шақты еңбектері жарық көрді. Еліміздің бас және ірі қалаларында, барлық облыс орталықтарында осы мерекеге арналған ғылыми шаралардың бәрінде баяндамалар жасалды. Жалпы алғанда, елімізде 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу ұлттық сананың нығайып, ұлт бірлігінің өсе түскендігін көрсетті.

Бәріміздің есімізде, өткен 2020 жылы Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен Қазақстанда «әлемнің екінші ұстазы» атанған әл-Фарабидың

1150 жылдығы, Алтын Орданың – 750 жылдығы және Абайдың 175 жылдығы кең көлемде атап өтілді. Тарихшылар, оның ішінде тарихшы мамандар Алтын Орданың 750 жылдығын атап өтуге құлшына кірісті. Әлемде қалыптасқан қиын жағдайлар біршама қол байлау жасағанымен тарихшыларымыздың ізденістеріне тежеу қоя алмады. Елімізде қаншама мақалалар газет-журнал беттерінде жарияланды, қаншама тағы да онлайн форматында ғылыми жиындар өткізілді, теле-радиохабарлар түсірілді. Ұлттық сананың нығаюы мен тарихымызға деген ұлттық мақтаныштың өте жоғары деңгейде болғандығын Алтын Орданың 750 жылдығын атап өту барысында көзімізді толық жеткіздік.

Кезінде бір ғұламаның «Ұлттық сананы оятып, дамытуда тарихтың атқарар рөлін ешбір қоғамдық ғылым атқара алмайды» деген сөзінің растығына тарихшыларымыздың Ел Тәуелсіздігінің 30 жылында атқарған істеріне қарап көз жеткізгендей боласыз. Болашақта да тарихшыларымыз өз ізденістерін жалғастыра береді. Алдымызда Ақ Орда хандығының, Жошы Ұлысының, Түрік қағанатының тарихи даталары тұр. Оларды да атап өту үшін, алдымен үлкен ғылыми зерттеулер қажет.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымызды түйіндей келе, төмендегідей тұжырымдар жасаймыз.

Біріншіден, Тоталитарлық жүйенің соңғы жылдарында қоғамдағы үстем идеологияның тоқырауға ұшырап, құлдырай бастауы Тәуелсіздікке жақындатса, гуманитарлық ғылымдар үшін жаңа методологияларды іздеуге мәжбүр етті. Кеңестер Одағының күйреуі Тәуелсіз Қазақстан Республикасын дүниеге келтірді, сондай-ақ маркстік-лениндік методологияның шынайы түрде тарихи зерттеулерге жарамсыз болуы қалыптасқан жаңа жағдайларға сай, оның сұраныстары мен талаптарына жауап бере алатын жаңа методологияны – өркениеттік методологияны қолданарға енгізеді.

Екіншіден, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық тарихы мен Ұлттық тарихымыздың осы тәуелсіздік жылдарындағы дамуы өзара байланыста қатар жүрді деуге болады. Биліктің қайнар көзі халық болса, халық санасының өсуі, нығаюы тарихпен, ұлт тарихымен байланысты. Тәуелсіздігіміздің әр он жылдығында мемлекетіміздің іргесі қаланып, керегесі кеңейіп, шаңырағы биіктеп жатса, осының бәріне ұлт тарихының қосқан үлесі өлшеусіз дер едім.

Әдебиеттер

- Қазақстан Республикасының жаңа заңдары. (1992). / Құраст. Ф.Т.Бейсенбина. Алматы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің редакциялық-баспа бөлімі. 264 б.
- Тоқаев Қ.-Ж. (2021). Тәуелсіздік бәрінен қымбат. / Егемен Қазақстан газеті, №2 (29981), 5 қаңтар, сейсенбі, 2021 жыл. 1-ші бет.
- Қозыбаев М. (2009). Киелі тәуелсіздік. / Құраст. І.М.Қозыбаев. Алматы: Баспалар үйі. 448 бет.
- Қозыбаев М. (1992). Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы. Алматы: «Қазақ университеті». 272 бет.
- Қойгелдиев М., Омарбеков Т. (1993). Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі. 208 бет.
- Қозыбаев М. (1994). Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 192 бет.
- Омарбеков Т. (1994). Зобалаң. (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. Алматы, «Санат», 272 бет.
- Нұрпейісов К. (1995). Алаш хәм Алашорда. Алматы: «Ататек». 256 бет.
- Қойгелдиев М. (1995). Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). Алматы, «Санат». 368 бет.
- Омарбеков Т. (1997). 20-30- жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат. – 320 бет.
- Абылхожин Ж.Б. (1991). Традиционная структура Казахстана: социально-экономическое аспекты функционирования и трансформации (1920-1930-е гг.). Алма-Ата: Ғылым. 240 с.
- Абдиров М. (1994). История казачества Казахстана. Алматы: Казахстан. 160 с.
- Абдиров М. (1996). Хан Кучум: известный и неизвестный. Алматы: Жалын. 176 с.
- Әбілғазы. (1991). Түрік шежіресі. – Алматы: – Ана тілі. 208 бет.
- Сыздықова Р., Қойгелдиев М. (1991). Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы: «Қазақ университеті». 272 бет.
- Жалайыр Қ. (1997). Шежірелер жинағы. Алматы: Қазақстан. 128 бет.
- Бабыр Захир ад-дин Мұхаммад. Бабырнама. (1993). Қазақша сөйлеткен Байұзақ Қожабекұлы. Алматы: Ататек. 448 бет.
- Құдайбердіұлы Ш. (1991). Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана. 80 бет.
- Досмұхамедұлы Х. (1991). Аламан (Құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар – Ғарифолла Өнесов, Аманқос Мектепов, Шәмшәдин Керімов). Алматы: Ана тілі, 176 бет.
- Тынышпаев М. (1993). История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. Алма-Ата, «Қазақ университеті», 224 стр.
- Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. (1992). Казахстан летопись трехтысячелетий. Издательство «Рауан», Алма-Ата. 382 с.
- Қадырбаев А.Ш. (1993). Очерки истории средневековых уйгуров, джалаириров, найманов и кирейитов. Алматы, «Рауан», «Демеу». – 168 с.
- Қадырбаев А.Ш. (1997). За пределами Великой Степи. – Алматы: Демеу. – 200 с.
- Кәрібай Б. (1999). Түркістан және Қазақ хандығы. Алматы: Ғылым. 64 б.
- Қасымбаев Ж.К. (1999). Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). Алматы: Білім. – 288 с.
- Ерофеева И. (1999). Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Научное издание. – Алматы, «Санат». – 336 стр.
- Толубаев А.Т. (1991). Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- начало XX в.). – Алма-Ата: Ғылым. – 214 с.
- Масанов Н.Э. (1995). Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Монография. Алматы «Социнвест» – Москва «Горизонт». – 320 с.
- Ажигалиев С.И. (1994). Генезис традиционной погребательно-культурной архитектуры Западного Казахстана. Алматы.
- Байпаков К. М. (1998). Средневековые города Казахстана на Великом Шёлковом пути. Алматы: Ғылым. 216 с.
- Таймагамбетов Ж.К. (1996). Древнейшие культуры палеолита Казахстана. Алматы.
- Елеуов М. (1998). Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. басы). Бірінші бөлім. Алматы: Қазақ университеті. 210 б.
- Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (Очерктер) (1994). Алматы «Дәуір» баспасы. 448 бет.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). (1996). Төрт томдық. I том. Алматы: «Атамұра». 544 бет.
- Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Актілер жинағы. (2004). №2, Астана. – 160 с.
- Назарбаев Н. (1999). Тарих толқынында. Алматы: Атамұра. 296 бет.
- Кәрібаев Б. (2015). Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: «Сардар» баспа үйі. 520 б.
- Кәрібаев Б. (2015). Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). Алматы: «Сардар» баспа үйі. 176 бет.
- Кәрібаев Б. (2019). Қазақ хандары туралы зерттеулер (XV ғасырдың ортасы – XVIII ғасырдың басы). (Монография). 228 б.

References

- Kazakhstan Respublikasynyn zhana zandary. [New laws of the republic of Kazakhstan]. (1992). Kurast. F.T. Beisenbina. Almaty. 264 b.
- Tokaev K.ZH. (2021). Tauelsizdik barinen kymbat. [independence is the most precious thing]. Egeмен Kazakhstan gazeti, №2(29981), 5 kantar, seisenbi, 1 shi bet.
- Kozybaev M. (2009). Kiely tauelsizdik. [sacred independence]. Kurast. I.M. Kozybaev. Almaty: Baspalar uiy. 448 bet.

- Kozybaev M. (1992). Aktandaktar akikaty. [the truth of the dark spots of history]: Oku kuraly. Almaty: “Kazakh university”, 272 bet.
- Koigeldiyev M., Omarbekov T. (1993). Tarih tagylymy ne deidy? [what the history says?]. Almaty: Ana tili. – 208 bet.
- Kozybaev M. (1994). Zhaudy shaptym tu bailap. [smash enemies, raise the flag]. Almaty: Kazakhstan, 192 bet.
- Omarbekov T. (1994). Zobalan. (Kushtep uzhyndastyruqa karsylyk). [Zobalan. Resistance against violent collectivization]: Oku kuraly. Almaty, “Sanat”. 272 bet.
- Nurpeisov K. (1995). Alash ham Alashorda. [Alash and Alashorda]. Almaty: “Atatek”. 256 bet.
- Koigeldiyev M. (1995). Alash kozgalysy. [Alash movement]. (Komekshi oku kuraly). Almaty, “Sanat”. 368 bet.
- Omarbekov T. (1997). 20-30 zhyldardagy Kazakhstan kasyreti. [tragedy of kazakhstan in 20-30s]: Komekshi oku kuraly. Almaty: Sanat. 320 bet.
- Abylhozina ZH.B. (1991). Tradisionnaya srktura Kazakhstana: socialno-economicheskie aspekty funkcionirovaniya i transformasii (1920-1930- e gg.). [Traditional structure of Kazakhstan: socio-economic aspects of functioning and transformation]. Alma-Ata: Gylym. 240 s.
- Abdirov M. (1994). Istoria kazachestva Kazakhstana. [history of the Cossacks of Kazakhstan]. Almaty: Kazakhstan. 160 s.
- Abdirov M. (1996). Khan Kuchum: izvestnyi i neizvestnyi. [Kuchum Khan: known and unknown]. Almaty: Zhalyn. 176 s.
- Abilgazy. (1991). Turik shezhiresi. [Genealogy of the Turkmens]. Almaty: Ana tili. 208 bet.
- Syzdykov R., Koigeldiyev M. (1991). Kadyrgali bi Kosymuly zhane onyn zhylnamalar zhinagy. [Kadyrgali bi Kosymuly and his chronicles]. Almaty: “Kazakh university”. 272 bet.
- Zhalaiyr K. (1997). Shezhireler zhinagy. [Collection of annals]. Almaty: Kazakhstan. 128 bet.
- Babyr Zakhir ad-din Mukhammad. (1993). Babynama. [Baburnama]. Kazakhsha soileityn Baiyzak Kozhabekuly. Almaty: Atatek. 448 bet.
- Kudaiberdiuly Sh. (1991). Turik, Kyrgyz-kazakh ham khandar shezhiresi. [the geneology of the turks, kyrgyz-kazakhs and khans]. Almaty: Kazakhstan; Sana. 80 bet.
- Dosmuhameduly Kh. (1991). Almaty (Kurastyrushylar, algy sozin zhane tusiniktemelerin zhazgandar – Garifolla Anesov, Amankos Mektepov, Shamshadin Kerimov). Almaty: Ana tili, 176 bet.
- Tynyspaev M. (1993). Istoria kazakhskogo naroda. [the history of Kazakh nation]. Sostaviteli i avtory predislovia prof. Tkenov A.S. I Baigaliev B. Alma-Ata, “Kazakh university”, 224 str.
- Kliyshtorny S.G., Sultanov T.I. (1992). Kazakhstan. Letopis trekhtysiachaletii. [Kazakhstan. Chronicle of three millennia]. Izdatelstvo “Rauan”, Alma-Ata. 382 s.
- Kadyrbaev A. SH. (1993). Ocherki istorii srednevekovyh uyigurov, dzhilaiyrov, naimanov I kireitov. [essays on the history of medieval Uighurs, Naimans, Jalayirs and Kereits]. Almaty, “Rayan”, “Demeu”. 168 s.
- Kadyrbaev A. SH. (1997). Za predelami Vekikoi Step. [outside the great steppe]. Almaty: Demeu. 200 s.
- Karibai B. (1999). Turkisran zhane Kazakh khandygy. [Kazakh khanate and turkistan]. Almaty: Gylym. 64 b.
- Kasymbaev Zh. K. (1999). Gosudarstvennye deyteli kazakhskikh khanstv (XVIII v.). [statesmen of Kazakh khanates]. Almaty: Bilim. 288 s.
- Erofeevs I. (1999). Khan Abulkhair: polkovodec, pravitel I politic. [Abulkhair khan: commander, ruler and politician]. Nauchnoe izdanie. Almaty, “Sanat”. 336 str.
- Toleubaev A.T. (1991). Relikty doislamskikh verovaniy v semeinoi obriadnosti kazakhov (XIX- nachalo XX v.). [remnants of pre-Islamic beliefs and family rituals of Kazakhs]. Alma – Ata: Gylym. 214 s.
- Manasov N.E. (1995). Kochevaiya civilizacia kazakhov: osnovy zhiznedeyatelnosti nomadnogo obshestva. [nomadic civilization of Kazakhs: the basics of life of a nomadic society]. Monografia. Almaty “Socinvest” Moskva “Gorizont”. 329 s.
- Azhigali S.I. (1994). Genezis tradicionnoi pogrebatel – kultovoi arhitektury Zapadnogo Kazakhstana. [genesis of traditional burial and cult architecture of western Kazakhstan]. Almaty.
- Baipakov K.M. (1998). Srednevekovye goroda Kazakhstana na Velikom Shelkovom puti. [medieval cities of kazakhstan on the great silk road]. Almaty: Gylym. – 216 s.
- Taimagambetov Zh.K. (1996). Drevneishie kultury paleolita Kazakhstana. [the most ancient cultures of the Paleolithic Kazakhstan]. Almaty.
- Eleuov M. (1998). Shu men Talas onirlerinin ortagasyrlyk kalalary (VI-XIII g. basy). [the mediaval cities of Shu and Talas regions]. Birinshi bolim. Almaty: Kazakh universitety. 210 b.
- Kazakhstan tarihi kone zamannan buginge dein (Ocherkter). [history of kazakhstan from ancient times to the present day]. (1994). Almaty “Dauir” baspasy. 448 bet.
- Kazakhstan tarihy (kone zamannan byginge dein). [history of kazakhstan from ancient times to the present day]. (1996). Tort tondyk. I tom. Almaty: “Atamura”. 544 bet.
- Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti men Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin Aktiler zhinagy. [collection of acts of the president and government of the republic of kazakhstan]. (2004). №2, Astana. 160 s.
- Nazarbaeyev N. (1999). Tarikh tolkynynda. [in the flow of history]. Almaty: Atamura. – 296 bet.
- Karibayev B. (2015). Kazakh khandygynyn kuruly tarikhy. [the history of the Kazakh Khanate]. Almaty: “Sardar” baspa uiy. 520 b.
- Karibayev B. (2015). Kazakh khandygynyn kusheiyi (XV g. sony – XVI g. algashky shiregi). [strengthening of the Kazakh khanate].
- Karibayev B. (2019). Kazakh khandry turaly zertteuler (XV gasyrdyn ortasy – XVIII gasyrdyn basy). [research on Kazakh khans]. Monographia. 228 b.